


ISSN: 2958-5376  
ISSN-L: 2958-5376

# MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

1(9)2025





## АҒАШ БҰЙЫМДАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ СИМВОЛИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ

*М. Мағзұмов, Ә.А. Мұханбет*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан)

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстанда жарық көрген дәстүрлі қолөнер бұйымдарына арналған әдебиеттерге шолу жасалады. Шолу нәтижесі бойынша қолөнерге байланысты он бір атлас шыққаны анықталып, оның ішінде ағаш өңдеу жұмыстарына байланысты тек екі әдебиет таңдап алынды. Олар, «Орталық Азия атласы. Қазақстан» (2001) және «Атлас. Қазіргі Қазақстан қолөнері» (2023). Аталған әдебиеттерден ағаш өнеріне қатысты материалдар жинақталып философиялық тұрғыда қолөнер гносеология призмасы арқылы қарастырылады. Таңдалған екі атлас та Қазақстандағы дәстүрлі қолөнер тәжірибелерінің, соның ішінде ағашты өңдеу технологиясының, ою-өрнек символикасының және оның мәдени-философиялық контекстінің кешенді сипаттамасын қамтиды. Сонымен қатар мақалада қолөнер тәжірибесіндегі трансформациялар мен қолөнершілердің әлеуметтік мәртебесі де қарастырылды. Бұл атластардың мазмұны мен ауқымы ағашты өңдеудің мәдени маңыздылығына қатысты релевантты ақпаратты анықтауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, ата-бабадан мирас болған ағаш өңдеу өнерінің онтологиялық, эстетикалық және әлеуметтік аспектілеріне ерекше назар аударылып зерделенді. Дәстүрлі ағаш бұйымдарына бейнеленген ою-өрнектердің символикасы анықталып өрнектер салыстырмалы түрде талданды. Мақаланың мақсаты жаһандану заманында мәдени құндылықтарды құрметтеу және ұлттық бірегейлікті сақтау болып табылады.

**Зерттеу материалдары мен әдістері:** зерттеу барысында 11 атлас анықталып, олардың мазмұнына талдау жүргізілді. Оның бірі контент-анализ: мәтіндік және визуалдық деректерге тақырыптық категорияларды анықтау (материалдар, өңдеу технологиялары, ағаштың функционалдық және қасиетті мағыналары); ағаш өңдеуге қатысты терминдердің жиілігін және контекстік қолданылуын талдау. Салыстырмалы талдау: Екі атластың деректерін салыстыру арқылы қолөнер тәжірибелеріндегі өзгерістерді анықтау; тарихи кезеңдер мен әлеуметтік өзгерістерге байланысты ағаш өңдеу әдістерінің эволюциясын анықтау. Герменевтикалық талдау: Мәтіндерді қазақ мәдениетіндегі ағаштың философиялық маңыздылығы тұрғысынан интерпретациялау; ағаш бұйымдарының ритуалдық және символикалық мағыналарын зерттеу. Семиотикалық талдау: Ағаш оюлары мен өрнектерінің негізгі символдарын анықтау; қазақ символикасы контекстінде геометриялық, өсімдік және зооморфтық мотивтерді салыстыру. Критерийлер бойынша деректерді іріктеу: Дәстүрлі қолөнердегі ағаш материалы туралы егжей-тегжейлі сипаттаманың болуы; Ағаш өңдеу әдістерін көрсететін иллюстрациялық материалдардың енгізілуі; Ағашты қолданудың мәдени, философиялық және символикалық аспектілері туралы ақпараттың болуы. Сараптамалық әдістердің комбинациясы ағаштың қазақ мәдениетіндегі рөлін зерттеуге мүмкіндік беріп, оның маңызды концепттерін анықтауға бағытталды.

**Тірек сөздер:** ағаш өңдеу, философия, қолөнер, мәдениет, атлас, эстетика, сәндеу, ою-өрнек.

**Сілтеме жасау үшін:** Мағзұмов М., Мұханбет Ә.А. Ағаш бұйымдарының философиялық және символикалық мағынасы // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), 95-103 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.11

**ФИЛОСОФСКО - СИМВОЛИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ИЗДЕЛИЙ ИЗ ДЕРЕВА***М. Магзумов, А.А. Муханбет*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Казахстан)

**Аннотация.** В статье дается обзор литературы по традиционным ремеслам, изданной в Казахстане. Результат показал, что было опубликовано одиннадцать атласов посвященной ремеслам деревообработке, из которых только две литературы были отобраны для обзора. Это «Атлас Центральной Азии. Казахстан» (2001) и «Атлас. Современные казахские ремесла» (2023). Собранные материалы из этой литературы связанные с ремеслом по дереву, рассматриваются с философской точки зрения через призму эпистемологии ремесла. Оба выбранных атласа содержат всестороннее описание традиционных ремесленных практик в Казахстане, включая технологию обработки дерева, орнаментальную символику и ее культурно-философский контекст. Также были в статье были рассмотрены трансформации в ремесленных практиках и социальный статус ремесленников. Содержание и объем этих атласов позволили нам выявить релевантную информацию относительно культурного значения деревообработки. Особое внимание также было уделено онтологическим, эстетическим и социальным аспектам искусства деревообработки, которое было унаследовано от наших предков. Была выявлена символика орнаментов, изображенных на традиционных деревянных изделиях, и проведен сравнительный анализ узоров. Целью статьи является уважение культурных ценностей и сохранение национальной идентичности в эпоху глобализации.

**Материалы и методы исследования:** в ходе исследования было выявлено 11 атласов и проанализировано их содержание. Одним из них является контент-анализ: определение тематических категорий текстовых и визуальных данных (материалы, технологии обработки, функциональное и сакральное значение древесины); проанализировать частоту и контекстное использование терминов, связанных с деревообработкой. Сравнительный анализ: выявление изменений в ремесленных практиках путем сравнения данных из двух атласов; выявить эволюцию методов обработки дерева в связи с историческими периодами и социальными изменениями. Герменевтический анализ: интерпретация текстов с точки зрения философского значения деревьев в казахской культуре; изучение ритуальных и символических значений изделий из дерева. Семиотический анализ: выявление основных символов резьбы по дереву и узоров; сопоставление геометрических, растительных и зооморфных мотивов в контексте казахской символики. Отбор данных по критериям: наличие подробного описания древесного материала в традиционных промыслах; ознакомление с иллюстративными материалами, демонстрирующими приемы деревообработки; наличие информации о культурных, философских и символических аспектах использования древесины. Сочетание экспертных методов позволило нам изучить роль дерева в казахской культуре и выявить ее важные концепты.

**Ключевые слова:** деревообработка, философия, ремесла, культура, атлас, эстетика, декор, орнамент.

**Для цитирования:** Магзумов М., Муханбет А.А. Философско-символическое значение изделий из дерева // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), с. 95-103. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.11

**PHILOSOPHICAL AND SYMBOLIC MEANING OF WOODEN PRODUCTS***M. Magzumov, A.A. Mukhanbet*

Kazakh National University named after al-Farabi (Kazakhstan)

**Abstract.** The article provides a review of the literature on traditional crafts published in Kazakhstan. The result showed that eleven atlases devoted to woodworking crafts were published, of which only two literatures were selected for the review. These are “Atlas of Central Asia. Kazakhstan” (2001) and “Atlas. Modern Kazakh Crafts” (2023). The collected materials from this literature related to woodcraft are considered from a philosophical point of view through the prism of craft epistemology. Both selected atlases contain a comprehensive description of traditional craft practices in Kazakhstan, including wood processing technology, ornamental symbolism and its cultural and philosophical context. Transformations in craft practices and the social status of artisans were also considered. The content and volume of these atlases allowed us to identify relevant information regarding the cultural significance of woodworking. Special attention was also paid to the ontological, aesthetic and social aspects of the art of woodworking, which was inherited from our ancestors. The symbolism of the ornaments depicted on traditional wooden products was identified and a comparative analysis of the patterns was carried out. The purpose of the article is to respect cultural values and preserve national identity in the era of globalization.

**Materials and methods of research:** during the study, 11 atlases were identified and their contents were analyzed. One of them is content analysis: definition of thematic categories of text and visual data (materials, processing technologies, functional and sacred meaning of wood); analysis of the frequency and contextual use of terms related to woodworking. Comparative analysis: identification of changes in craft practices by comparing data from two atlases; identification of the evolution of woodworking methods in connection with historical periods and social changes. Hermeneutic analysis: interpretation of texts from the point of view of the philosophical meaning of trees in Kazakh culture; study of ritual and symbolic meanings of wood products. Semiotic analysis: identification of the main symbols of wood carving and patterns; comparison of geometric, plant and zoomorphic motifs in the context of Kazakh symbolism. Data selection according to the criteria: availability of a detailed description of wood material in traditional crafts; familiarization with illustrative materials demonstrating woodworking techniques; availability of information on the cultural, philosophical and symbolic aspects of wood use. The combination of expert methods allowed us to study the role of wood in Kazakh culture and identify its important concepts.

**Keywords:** wood working, philosophy, crafts, culture, atlas, aesthetics, decor, ornament.

**For citation:** Magzumov M., Mukhanbet A.A. Philosophical and symbolic meaning of wooden products // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), pp. 95-103. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.11

**Кіріспе.** Ағаш бұйымдарының қазақ мәдениетінде қалыптасуы ерте заманнан бастау алады. Сондай-ақ ағашты пайдалану адамзаттың күнделікті тұрмыстағы қажеттілігінен туындап керекті құралдарын жасап алып отырды. Ең алғашқы құралдар эстетикалық талғамға сай болмағанымен эволюциялық даму кезеңдерде заттық мәдениеттің негізіне айналды. Оған дәлел ретінде қола дәуіріндегі түркі халықтарының мекені болған Алтай өңіріндегі қорымдардан табылған ағаш бұйымдарды айтуға болады. Сонымен қатар Қазақстан аймағында бірнеше археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қолға түскен заттар да бар. Осындай тарихи жәдігерлер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып мұра болып келеді. Сонымен қатар ол қазақ қолөнернің дамуына көп септігін тігізді. Кеңес өкіметі ыдырап, қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін кейбір ұмыт болған мәдени мұралар қайта жаңғырып заттық мәдениеттің өркендеуіне жол ашылды. Осы орайда қазақ қолөнерін дәріптеу мақсатында бірнеше атласатар жарық көрді.

Зерттеу барысында атластар арасынан ағаш өңдеу өнеріне байланысты критерий ережелеріне сәйкес тек екі дереккөз таңдалып алынды. Осы әдебиеттерге енгізілген ағаш бұйымдарының философиялық және символикалық аспектілеріне салыстырмалы шолу жасалды. Бұл жаһандану процесі қарқындап дамып жатқан заманда ұлттық-мәдени және этникалық бірегейлікті сақтау мақсатында жазылған зерттеу жұмысы.

**Нәтижелер және талқылау.** Қазақ қолөнеріндегі өнердің кең тараған түрі күнделікті тұрмыстық бұйымдарды ағаштан жасау (ұқсату) болып табылады [Бекешов, 2021]. Бұл өнер түрі дәуірлер ағысымен ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Қазақстанның дәстүрлі қолөнер тәжірибелері ғарыштық тәртіп пен әлеуметтік гармония түсініктерімен байланыстырылып ағаш түрлерін таңдауда және оны өңдеу техникасында көрініс тапқан. Қазақ мәдениетінде ағаш тұрақтылық пен ұрпақтардың сабақтастығының символы болып есептелген, ал ою-өрнектер тек сәндік қызмет атқарып қана қоймай, өмір философиясын, табиғи циклдарды және адамның ғарышпен рухани байланысын көрсететін кодталған мағыналарға ие болған.

Философиялық тұрғыдан алғанда, қолөнерді гносеология призмасы арқылы қарастыруға болады – яғни материалдық объектіде іске асырылған білімді жеткізу әдісі және әлеммен тәжірибеге және символикалық түсінуге негізделген өзара әрекеттесу әдісі ретінде. Наурызбаева [Наурызбаева, 2021] (2023) атап өткендей, қазақ мәдениетіндегі қолөнер еңбегі әрдайым «денелік білім» концепциясымен [Merleau-Ponty, 1945] тығыз байланысты болған, мұнда шеберлік тәжірибелік бақылау және шығармашылық процеске қатысу арқылы берілген. Дәстүрлі ұстаз-шәкірт жүйесінде шеберлік тек техникалық дағды ретінде ғана емес, болмыстың терең мағыналарын түсінудің тәсілі ретінде қабылданған. Алайда қазіргі жағдайда бұл процесс институционализацияға ұшырауда: қолөнер туралы білім беру бағдарламалары, шеберлік сабақтары және цифрлық технологиялар арқылы беріледі. Бұл бір жағынан оның танымалдығына ықпал етеді, ал екінші жағынан - шеберлердің бірегей стильдерінің ішінара жоғалуына әкеледі [Кульсариева, 2023].

Жаһандану жағдайындағы ағаш өнерінің трансформациясы оның әлеуметтік және мәдени функцияларының өзгеруіне әкеледі, бұл Макс Вебердің десакрализация философиясы арқылы қарастырылуы мүмкін. Егер бұрын Қазақстандағы ағаш өңдеу рәсімдік және қасиетті аспектілерді қамтыған болса (мысалы, шаңырақ әлем тәртібінің символы ретінде), қазіргі қоғамда ағаштан жасалған бұйымдар жиі коммерциялық және дизайнерлік өндіріс элементтеріне айналуға [Ахмет, 2024]. Бұл өзгерістерді дәстүрлі қолөнер онтологиясынан эстетикалық және нарықтық түсінікке көшу ретінде түсіндіруге болады, мұнда бұйымның мағынасы оның символикалық мазмұнымен емес, көркемдік құндылығы және экономикалық тартымдылығымен анықталады. Дегенмен, Нұркушева мен Ашимова [Нұркушева, Ашимова, 2024] атап өткендей, осы өзгерістерге қарамастан, дәстүрлі қолөнерлер мәдени сәйкестікті сақтауда маңызды функция атқара береді, жаңа шынайылықтарға бейімделіп, философиялық және этикалық мағыналардың тасымалдаушысы болып қала береді. Осылайша, қазақ қолөнері философиялық және көркемдік өрнек формасы ретінде өзінің мәнін сақтай отырып, өзгеріске бейім динамикалық құбылыс болып табылады.

Ағаш – қазақтың дәстүрлі мәдениетінде тұрмыстық заттарды жасауға аранлған материал ғана емес, сонымен қатар ғаламның, үйлесімділіктің және қоғамның әлеуметтік құрлымының философиялық идеяларын бейнелейтін символ ретінде шешуші рөл атқарады. Қазақ мәдениетінде ағаштан әртүрлі бұйымдар, соның ішінде тұрғын үй элементтерін, жиһаздарын, ыдыс-аяқтарды және салттық заттарды жасау үшін пайдаланады, бұл оның оның адамзат өміріндегі маңыздылығын көрсетеді.

Тәжірибелік тұрғыдан қарағанда, ағаш көшпелі қазақтардың тұрғын үйі- киіз үйдің негізгі құрлымдық материал ретінде қызмет етті. Кереге (торлы қабырғалар), уық (радиалды тіректер), шаңырақтан (жоғарғы шеңбері) тұратын киіз үйдің құрлымы, ұтқырлық пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін күрделі сәулеттік жүйе болды. Шаңырақ -



отбасын және ұрпақтар сабақтастығын бейнелейтін ерекше символдық мәнге ие. Сондай-ақ, шаңырақ қазіргі заманда өз маңызын сақтап қалған мәдени нышан ретінде әрекет етеді.

Ағаштан басқа да бұйымдар өндірілді мысалы, үй жиһаздары мен ыдыс- аяқ түрлерін жасауда кеңінен қолданылды. Қазақтың ағаш ұсталары төсек ағаш (демалуға арналған бұйым), кебеже (азық- түлік сақтауға арналған төрт аяғы бар сандық түрі), сандық (қол сандық, шай сандық, абдра, абажа) және астау (тағам салуға арналған үлкен табак), тостаған (сусын ішуге арналған ыдыс) сияқты ас үй заттарын жасады. Бұл бұйымдар функционалдық жағынан басқа, символдық мәні бар күрделі өрнектермен сәнделіп көркемдік құндылыққа ие болды. Ең көп бейнеленген ою-өрнектердің қатарына әл-ауқат пен байлықтың символы болған қолқар мүйіз оюы жатады.

Қазақ мәдениетінде ағашты қолдану утилитарлық, көркемдік және философиялық аспектілерді қамтитын көпқабатты құбылыс болып табылады. «Atlas of Central Asia. Kazakhstan» (2001) және «Атлас. Ремесла современного Казахстана» (2023) деректері бойынша ағашты өңдеу мен қолданудың негізгі ерекшеліктерін анықтауға, сондай-ақ олардың қазіргі кезеңдегі өзгерістерін анықтауға мүмкіндік берді (1-кесте).

Қазақ мәдениетінде ағаштың қолданылуын философиялық талдау.

Кесте 1.

| Философиялық категориялар                                               | Atlas of Central Asia. Kazakhstan (2001)                                                                                                                                                       | Атлас. Ремесла современного Казахстана (2023)                                                                                                                                         |
|-------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ағаш онтологиясы (ағаш материалдық әлемдегі тұлға ретінде)              | Ағаш табиғи тәртіппен байланысты көшпелі өмірдің табиғи бөлігі болып қарастырылады. Ағашты таңдауда (терек, тал, қайың, шыршы) тәжірибелік және қасиетті аспектілермен анықталады.             | Ағашты қабылдау кеңейіп келеді: дәстүрлі материалдармен қатар ағаштың заманауи түрлері де қолданылуда. Ағаш жаңа қолөнер тәжірибесіне енгізілуде.                                     |
| Қолөнер гнесологиясы (дәстүрді білу және оны беру)                      | Қолөнердің тәлімгерлік жүйесі (ұста- шәкірт) арқылы беріледі, ағашпен жұмыс істеу білімі тәжірибе мен бақылау арқылы игеріледі.                                                                | Білім беру форматтары кеңейіп келеді: қолөнер жоғарғы оқу арындарында, колледждерде, шеберлік сыныптарында және мәдени жобаларда оқытылады, бұл оның инстиутуционализациясын әкеледі. |
| Ою эстетикасы (пішін және өрнек философиясы)                            | Ою- өрнектер космологиялық мағынаға ие: геометриялық өрнектер ғаламның үйлесімділігін, өсімдік мотивтері- өмірлік энергияны, зооморфтық элементтер тотемдік жануарлармен байланысты білдіреді. | Дәстүрлі ою-өрнектердің элементтері сақталған, бірақ қазіргі эстетикалық талаптарға бейімделеді. Классикалық мотивтер мен жаңа көркемдік стильдердің синтезі пайда болды.             |
| Қолөнер шеберлерінің әлеуметтік философиясы (Қоғамдағы шебер мәртебесі) | Шебер (ұста)- дәстүрді сақтаушы, оның жұмысы бағаланады, бірақ жергілікті қауымдастықтарда қалады.                                                                                             | Қолөнершілер мәдени индустрияның субъектісіне айналды: конкурстар, фестивальдар, мемлекеттік деңгейде таныла бастады.                                                                 |
| Қасиетті және символизм (рухани тәжірибедегі ағаш)                      | Шаңырақ (киіз үйдің орталық сақинасы) ағаштан жасалған аспан мен жердің байланысын білдіреді. Ағаш бұйымдары рәсімдерде қолданылады (бесік, табыну ыдыстары).                                  | Ағаш бұйымдарын салттық қолдану қалпына келтірілуде, бірақ қасиетті мағыналары қазіргі заманғы контекстке бейімделді, мысалы, кәдесый өнімдері арқылы.                                |

Қазақ мәдениетіндегі ағаш онтологиясы. Қазақ мәдениетінде ағаштың онтологиясы терең мағынаға ие, себебі ағаш – тіршілік, рухани байланыс және дүниетанымдық құрылымдардың маңызды элементі. Ол космологиялық, тұрмыстық, мифологиялық және символикалық сияқты мәндерге ие. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде ағаш тек құрылыс және қолөнер материалы ретінде қарастырылмаған, ол белгілі бір онтологиялық қасиеттерге ие элемент ретінде қабылданған. «Atlas of Central Asia. Kazakhstan» (2001) зерттеуі көрсеткендей, ағаш табиғи және әлеуметтік әлемнің арасындағы байланыстырушы буын ретінде қызмет еткен. Ағаш түрлері (терек, тал, қайың, шырша) таңдалуы материалдың физикалық сипаттамаларымен ғана емес, көшпелі өмір салтының жағдайларына төзімділігімен де байланысты болған.

«Қазіргі Қазақстанның қолөнері Атласында» (2023) ағаш материалын қолдануда өзгерістер байқалады: ол тек табиғи компонент мәртебесінен айырылып, заманауи қолөнер өндірісіне енгізілген. Бұл жерде дәстүрлі ағаш түрлерімен қатар шетелден әкелінген жаңа материалдар да қолданылады. Бұл өзгерістер қолөнер практикасының трансформациясын көрсетеді, онда ағаш табиғи тәртіптің бір бөлігі ғана емес, нарықтық және өнеркәсіптік процестердің элементіне айналады. Осылайша, ағашты табиғаттың тірі элементі ретінде қабылдаудан оның индустриалдық және эстетикалық мәнге ие ресурсына ауысу үрдісі байқалады. Бұл ресурс шығармашылық туындының өзін-өзі көрсетуі мен экономикалық қызмет үшін қолданылады.

Қолөнердің гносеологиясы: білім мен технологияларды беру. Қолөнер техникасын меңгеру үдерістері дәстүрлі түрде шәкірттік практикаға (ұста-шәкірт) негізделген, бұл Мерло-Понтидің [Merleau-Ponty, 1945] «денелік білім» концепциясына сәйкес келеді. «Atlas of Central Asia. Kazakhstan» (2001) деректерінде ағашты көркемдеп өңдеу бойынша білім тек отбасылық немесе цехтық дәстүрлер аясында берілгені атап өтіледі, бұл қолөнер дағдыларының сақталуын қамтамасыз еткен.

Қазіргі контексте [Қазіргі Қазақстанның қолөнері Атласы, 2023] жағдай өзгерген: қолөнер білімдері жергілікті қауымдастықтар шеңберінен шығып, институционалды білімнің бір бөлігіне айналуға. Халықтық қолөнерді қолдаудың мемлекеттік және жеке бағдарламалары пайда болып, шеберлік сыныптары, көрмелер, байқаулар ұйымдастырылады. Бұл қолөнерді танымал етуге ықпал етеді, бірақ сонымен бірге оның дәстүрлі қайта жаңғырту механизмдерін өзгертеді. Локализацияланған дәстүрлі білімнен формализацияланған оқытуға көшу үрдісі орын алуда, бұл бір жағынан қолөнердің таралуына ықпал етсе, екінші жағынан, техниканың стандартталуына әкеледі, бұл шеберлердің бірегей жеке стильдік ерекшеліктерінің жоғалуына әсер етуі мүмкін.

Ағаш оюдың эстетикасы: символизм және көркемдік формалар. Қазақ мәдениетінде ағаш бұйымдарын эстетикалық қабылдау, тәртіп пен үйлесім концепциясына негізделген, бұл ою-өрнек жүйесінде айқын көрінеді. «Atlas of Central Asia. Kazakhstan» (2001) зерттеуінде ағаш ою космологиялық көзқарастарды білдіру тәсілі ретінде сипатталады. Ою-өрнектер келесі элементтерді қамтиды: геометриялық өрнектер – әлем тәртібі мен тұрақтылықты бейнелейді. Өсімдік мотивтері – өмірлік энергия мен табиғи циклдарды ассоциациялайды. Зооморфтық элементтер – тотемдік дәстүрлер мен дала жануарлар әлеміне сілтеме жасайды.

«Қазіргі Қазақстанның қолөнері Атласында» (2023) эстетикалық принциптердің сақталуы байқалады, бірақ дәстүрлі ою-өрнектердің заманауи формалармен синтезі орын алған. Бұл халық өнерінің икемділігін көрсетеді: жаңа шындыққа бейімделе отырып, мәдени сабақтастықты сақтайтын халық өнерінің икемділігін көрсетеді. Алайда, қазіргі дизайнерлік шешімдердің енгізілуі және бұйымдардың коммерциялануы ою-өрнектердің символдық мәнінің азаюына алып келуі мүмкін, бұл болашақта қосымша зерттеулерді қажет етеді.

Қолөнершілердің әлеуметтік философиясы: шебердің мәртебесі мен функциялары. Дәстүрлі қазақ қоғамында қолөнерші (ұста) тек шебер ретінде емес, еңбекке қасиетті

сипат беретін білімнің сақтаушысы ретінде қабылданған. «Atlas of Central Asia. Kazakhstan» (2001) зерттеуінде қолөнершілер тек утилитарлық қана емес, рухани мәні бар еңбек иелері ретінде сипатталған.

Қазіргі Қазақстанда [Қазіргі Қазақстанның қолөнері Атласы, 2023] қолөнершілердің әлеуметтік мәртебесі өзгерді. Олар мәдени индустрияның бір бөлігіне айналып, фестивальдерге, байқауларға қатысады, мемлекеттік қолдау алады. Қолөнершілік туризм экономикасының элементіне айналып, оның коммерциялануына ықпал етеді. Бұл өзгерістерді Пьер Бурдьёдің символдық капитал концепциясы арқылы қарастыруға болады: қолөнерші мәдени кәсіпкерге айналады, ал оның еңбектері нарықтық құнға ие болып, өндіріс пен тұтынудың дәстүрлі үлгілерін өзгертеді.

Қазақ мәдениетіндегі ағаштың сакралдылығы мен символикасы. Дәстүрлі қазақ дүниетанымында ағаш қасиетті мәртебеге ие болды, бұл әсіресе киіз үй құрылымында айқын көрінді. «Atlas of Central Asia. Kazakhstan» (2001) зерттеуінде шаңырақ (киіз үйдің орталық шеңбері) аспан мен жердің арасындағы байланысты бейнелейтіні атап өтіледі, ал тұрмыстық ағаш заттары салт-жоралғыларда қолданылғаны қатыстырылған.

Қазіргі Қазақстанда (Қазіргі Қазақстанның қолөнері Атласы, 2023) сакральды мағыналар ішінара сақталғанымен, бейімделу процесінен өткен: Дәстүрлі ағаш бұйымдары кәдесыйларға айналып, олардың бастапқы салттық дәстүрде маңызы төмендеген. Ағаш бұйымдары діни және үйлену салттарында қолданылуын жалғастыруда, бірақ жиі сәндік сипатқа ие болуда. Бұл өзгерістер Макс Вебер ұсынған десакрализация концепциясы аясында интерпретациялануы мүмкін, онда сакральдылықтың дәстүрлі формалары рационализация және коммерцияландыру арқылы ығыстырылады.

**Қорытынды.** Қазақ мәдениетінде ағаштың қолданылуын талдау (Atlas of Central Asia. Kazakhstan (2001) және Қазіргі Қазақстанның қолөнері Атласы (2023) деректерін салыстыру негізінде) қолөнер тәжірибесінде, философиялық түсінік және ағаш өндеудің әлеуметтік маңызы бойынша өзгерістерді анықтадық. Дәстүрлі түрде ағаш табиғи тәртіптің бір бөлігі ретінде қабылданып, утилитарлық және сакральды функцияларға ие болды. Ол киіз үй құрылысында, тұрмыстық заттарды, музыкалық аспаптарды, культтік объектілерді жасауда қолданылып, ал ою-өрнек формалары әлем тәртібі, өмірдің циклділігі мен адамның табиғатпен байланысы туралы түсініктерді білдірді.

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, қазіргі Қазақстанда ағаш өндеу дәстүрлі сипаттарын сақтағанымен, елеулі трансформацияларға ұшырады. Біріншіден, ағаштың онтологиялық мәртебесі өзгерді: дәстүрлі мәдениетте ол көшпелі тұрмыстың табиғи элементі ретінде қабылданса, бүгінде ол мәдени және нарықтық өндіріс объектісіне айналған. Екіншіден, білімді беру гносеологиялық механизмдері трансформацияланды: қолөнер шеберлігі тек ұста-шәкірт жүйесі арқылы ғана емес, институционалды форматтар арқылы (колледждер, көркемөнер шеберханалары, байқаулар мен көрмелер) меңгеріледі.

Дәстүрлі ағаш оюдың эстетикалық жүйесі негізгі символдық кодтарды сақтай отырып, заманауи көркемдік үрдістерге бейімделуде, нәтижесінде дәстүрлі және инновациялық мотивтердің синтезі қалыптасуда. Сонымен бірге, қолөнершілердің әлеуметтік мәртебесі өзгерді: бұрынғы дәстүрді сақтаушы шеберлер жергілікті қауымдастықтарда білім берсе, бүгінгі қолөнершілер халықаралық көрмелерге қатысып, мемлекеттік қолдау алып, олардың бұйымдары туристік және кәдесый бизнесінің бір бөлігіне айналған.

Тағы бір маңызды аспект – ағаштың сакральды маңызының әлсіреуі. Дәстүрлі мәдениетте ритуалдық мәнге ие болған ағаш бұйымдары (мысалы, шаңырақ аспан мен жердің байланысын бейнелейтін символ ретінде) бүгінгі таңда сакральдылығын ішінара жоғалтқан. Қазіргі мәдениетте ағаш бұйымдары салт-дәстүрлерде қолданылуын жалғастырғанымен, олардың көбісі сәндік немесе коммерциялық сипатқа ие, бұл дәстүрлі практикалардың десакрализация процесін көрсетеді. Осылайша, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, технологиялық және әлеуметтік өзгерістерге қарамастан, ағаштан жасалған



бұйымдар қазақ қоғамының мәдени кодтарының маңызды бөлігі болып қалуда. Ол табиғи тұрақтылық, дәстүр сабақтастығы және көркемдік өзін-өзі көрсету символы ретіндегі философиялық мәнін сақтай отырып, қазіргі жағдайларға бейімделуде.

### ӘДЕБИЕТ

- Ахмет М.* Қазақ халқының үй-тұрмысына күнделікті пайдаланған ыдыстары, // Научно-практический журнал MUSEUM.KZ. 2024. №1(5). С. 5-19
- Бекешов С.С.* XVIII ғ. аяғы XX ғ. басындағы ағаш ою өнерінің ортақ сипаттары, //Хабаршы. Тарих сериясы. 2022.
- Бекешов С.С.* Қазақтың дәстүрлі ағаш ұқсату, оймыштау тарихнамасы, // Вестник КазНУ. Серия историческая. 2021. 89-95 бб.
- Наурызбаева А.Б.* Ремесло: опыт культурфилософского осмысления, // Journal of Philosophy, Culture & Political Science 85.3. 2023.
- Еспенова А.Т.* Тәуелсіз Қазақстан сәндік-қолданбалы өнеріндегі заманауи ізденістер (зергерлік өнер негізінде), //Вестник Казахского национального женского педагогического университета. 2019. №2. 302-306 бб.
- Жәкішева З.С.* Рухани және заттық мәдениеттің байланысы, // Мәдени мұра. 98.3. 2022. 147-152 бб.
- Кульсариева С.П., Ибрагимов А.И.* Традиционные ремесла в казахстане: история и современное состояние, //Хабаршы. Тарих сериясы. 2023. № 2. С. 109.
- Merleau-Ponty, Maurice.* Phenomenology of perception. Franklin Classics, 2023.
- Нуркушева Л., Ашимова А.* Multidisciplinary product design as a tool for reflecting and preserving kazakh cultural heritage atu Design Science. 2024. 1-18 бб.
- Шайгозова Ж., Ибрагимов А.* Кілем тоқу–инемен құдық қазғандай: қазақтың кілем тоқу өнерін зерттеу, сақтау және дамыту, // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Исторические и социально-политические науки. 2023.

### REFERENCES

- Ahmet M.* Cotidiana supellex domus populi Kazakh. Acta scientifica et practica MUSEUM KZ. 2024. (In Kazakh)
- Bekeshov S.S.* 18th century. nuper 20th century. Communes notae veterum ligno insculptae, // Bulletin. Historiae series. 2022. (In Kazakh)
- Bekeshov S.S.* Historica historica traditionum Kazakh lignorum sculpendi et exsculpendi. Nomenclator KazNU. Series historica. 2021. pp. 89-95. (In Kazakh)
- Naurzabayeva A.B.* Craft: experientia cognitionis culturalis et philosophicae. Acta Philosophiae, Culture & Scientiae Politicae 85.3. 2023. (In Russian)
- Espenova A.T.* Investigatio moderna in artibus decorativis et applicatis Kazakhstanis independentis (in arte ornamenti fundatur). // Bulletin of the Kazakh National Womens's Pedagogical University. 2019. N. 2, pp. 302-306. (In Kazakh)
- Zhakisheva Z. S.* Relatio inter culturam spiritualem et materialem, // Hereditas culturalis. 98.3. 2022, pp. 147-152. (In Kazakh)
- Kulsarieva S.P., Ibragimov A.I.* Artium Institutio in Kazakhstan: historia et status hodiernus, // Bulletin. Historiae series. 2023. N. 2. P. 109. (In Russian)
- Merleau-Ponty, Maurice.* Phenomenologia perceptio. Franklin Classics, 2023. (In English)
- Nurkusheva L., Ashimova A.* Multidisciplinaris productum consilium ut instrumentum ad cogitandum et conservandum Kazakh patrimonium culturalem atu Design Science. 2024, pp. 1-18. (In Russian)
- Shaigozova Zh., Ibragimov A.* Carpet texendi instar putei acus fodiendi: investigatio, conservatio, et progressus artis vestis Kazakh texendi, // Bulletin of the Abay Kazakh National University. Series: Scientiarum historicarum et socio-politicarum. 2023. (In Kazakh)

**Авторлар туралы мәлімет:** Мағзұмов Мақсат Мұқамжанұлы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (050040, Алматы қ-сы, әл-Фараби 71, Қазақстан), Философия және саясаттану факультеті, мәдениеттану мамандығының 3-ші курс докторанты. <https://orcid.org/0009-0002-4234-3805>. E-mail: maksat.magzum@bk.ru

Мұханбет Әсем Ануарбекқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (050040, Алматы қ-сы, әл-Фараби 71, Қазақстан), Философия және саясаттану факультеті, мәдениеттану мамандығының аға оқытушысы, филос.ғ.к. <https://orcid.org/0000-3693-5302>. E-mail: Asem81@mail.ru

**Сведения об авторах:** Магзумов Мақсат Мукамжанович – Казахский национальный университет имени аль-Фараби (050040, г. Алматы, Аль-Фараби 71, Казахстан), Факультет философии и политологии, докторант 3-го курса специальности культурология. <https://orcid.org/0009-0002-4234-3805>. E-mail: maksat.magzum@bk.ru

Муханбет Асем Ануарбековна – Казахский национальный университет имени аль-Фараби (050040, г. Алматы, Аль-Фараби 71, Казахстан), Факультет философии и политологии, старший преподаватель специальности культурология, к.филос.н. <https://orcid.org/0000-3693-5302>. E-mail: Asem81@mail.ru

**Information about the authors:** Maksat M. Magzumov – Kazakh National University named after Al-Farabi (050040, Almaty, Al-Farabi 71, Kazakhstan), Faculty of Philosophy and Political Science, 3rd year doctoral student in cultural studies. <https://orcid.org/0009-0002-4234-3805>. E-mail: maksat.magzum@bk.ru

Asem A. Mukhanbet – Al-Farabi Kazakh National University (050040, Almaty, Al-Farabi 71, Kazakhstan), Faculty of Philosophy and Political Science, Senior lecturer in Cultural Studies, PhD. <https://orcid.org/0000-3693-5302>. E-mail: Asem81@mail.ru

*Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 05.03.2025.*

*Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 18.03.2025.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 26.03.2025.*